# ТҰЗЫ ЖЕҢІЛ АДАМ

Бақтыбекпен көңіл қостығым бар, әрі ауылдаспыз. Кездескен жерде жаны қалмай жалпылдап амандасып жатады. Берген сәлемімен-ақ астына бір ат мінгізе салады.Қазіргі адамдардың бір-бірімен шүйіркелесуге уақыты жете бермейді, әрі жағдайы көтермейді. Содан да бүгінде сәлемі салқын адамдар пайда болған. Біздің жігіт «ішімдегіні таптың» санатына жатпайды. Кездесе калғанда, астын-үстін сөйлеп өз жайынан хабар беріп жатады.

- Жағдай нешік, туысқан?

- Өмір ғой енді, кеңседе өзіммен бірге ісейтін жесір келіншектің аяғы ауырлап қап, мені тіке сотқа сүйреп...

- Содан қайттің?

- Әбүйір болғанда, бала менен болмай шықты.

- Жақсы болған екен! -деймін от басы бар оның бір жаладан аман құтылғанына ризалык пейілде.

- Енді бұдан былай ондай аусарлықтан қашық жүр.

Еркекті бұзатын арақ пен әйел.

- Білем той, ата! - дейді ол көзін жыпылықтатып.-Жалтарып-ақ бағам. Өмір той енді.

- Тіршілік тұщынысы жардың құшағында, баланың қылығында, бауырым! - деймін білгішсіп.

Сонымен біраз күн өтті. Ауылдас інімнен хабар болмай кетті. Бір қараға ұрынып жүрмесе деп іштей уайым етемін. Кейінгі кездері ол менен сырттайтынды шығарған.

- Әй, осы Бақтыбек қайда жүр?- деймін жүз таныстардан.-Естімеп пе едіңіз!?-дейді ұсақ сөзге үйір көршім. - Ішіп алып жеңіл мәшинесін жарта соғып... шыпасы біткі оның.

Сәрсенбінің сәтінде төбе көрсеткен Бақтыбек баяғы сол жете амандасатың әдетімен асты-үстіме түсіп бәйек болды.

- Белесебетпен жүргенің қалай!?- дедім салған бетте. - Жеңіл мәшине алған жоқпысың?

- Өмір той енді. Біреумен соқтығысып қап, жол апатына түсіп...

- Иә, содан?

- Өмір той енді. Кінә менен болмай шығып, соғылысқан адамым бала-шағалы екен. Аядым да кешірім еттім.

- Уай, сенде қатын-бала жоқ па!?

- Өмір ғой енді. Жұмыссыз қалған біреу екен, кеңшілік жасадым.

- Сенің сондайлық шылқамайға батып жүрген жайың жоқ еді ғой?

- Менде жұмыс бар ғой, атасы!

Сонымен, біраз күн өткенде ел іші дүңк ете қалсын. «Ойбай, әлгі есепші Бақтыбек пара аламын деп ұсталып қапты!»

Бір күндері төбе көрсетті. Әншейінгі жалпақтаған амандық жайына қалған. Көзін менен алып қаша береді.

- Не болды-ей саған!?

- Ұсталып калдым...

- Қайтіп?

- Біреу әдейілеп қалтама ақша салып қойып... Әбүйір болғанда, ақшада қолтаңбам болмай шықты.

- Дұрыс болған екен! - деймін дүдәмалсып. - Орыншамысың, әйтеуір?

- Есепшілікпен қоштастым. Күзетшілікке сырғытып жіберді.

- Е-е, орныңды жаңа тапқан екенсің!-деймін еш құйтырқысыз. - Бүгіндегі ең бір өтімді жұмыс қарауылшылдық, бауырым! Не дегенмен де, жауапкершілігі басым. Сергек болғаның жөн.

Сонымен біраз күн өтті. Бақтыбектен хабар болмай кетті. Ауыз байлықтан аса алмайтын менен қайыр жоғын біледі. Сырттайтыны содан да шығар деп ойлап қоямын. Қанша дегенмен туысқан той, оны көңілімнен шытарған емеспін. Жиі еске аламын. Тағы бір шырғаланға тап болып қалмаса екен деп ойлап қоямын.

Біз тұратын кенттің етек-жеңі жинақы, тоғыз жолдың торабындағы елді мекен тап-тұйнақтай тазалығымен көз тарады. Шаруа қамымен көшеге шыққан едім. Әкімшілік ғимаратының алдымен өте бергенімде, кәсіптік киім үлгісімен жүрген көше сыпырушылардың арасынан Бақтыбекті көріп қалдым да, бұрылып кеп жөн сұрадым.

- Уай, бауырым, жаңа жұмысың құтты болсын! - дедім бүкпесіз көңілмен. - Дамыған жапон жұртында ең бір қадірлі мамандық көше сыпырушылар боп табылады. Жапондар тазалықтың құлы. Біз деген быдықпыз ғой. Орныңды енді таупсың, бұдан артық жұмыс таппайсың, айырылма осыдан.

- Өзімнің де ойым сол, - деді ол жұмсақ жымиып. - Күзетшілік деген бас кететін жұмыс екен. Ұйқы дұшпан ғой. Кеңсеге ұры түсіп, содан әупіріммен аман қалып... көз көрген жора-жолдастың көмегімен мына бір жұмысқа ілігіп... тартпайды, бірақ. Көргіш көздің сұғы деген болады той, ата. Солардың күңкілі қинайды. «Шот қаққан мынауың сыпырғыш ұстап қалыпты» - дегені емеурінінен-ақ байқалады.

- Шұрқ етпе! - дедім оған дем беріп. - Екі қолға бір күрек, сыпырғыштан айырылма!

Бәлен жыл ақша санаған оның ептейсіз саусақтары сыпыртышқа үйлесе алмай тұрғанын байқадым да, ойыма күдік алдым. Тұзы жеңіл жазған көше сыпырушылықтан шығып қалса далада қалғаны-ау.

**Өмір КӘРІПҰЛЫ,**
**жазушы.**
**8.11. 2022ж**